

Түлкібас ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 13/4-06 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 мамырда № 4082 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 55/11-06 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 15.06.2020 № 55/11-06 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Түлкібас ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Түлкібас ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімге 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Түлкібас ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімге 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Түлкібас аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 33/11-05 "Түлкібас ауданы Т.Рысқұлов ауылы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2849 нөмірімен тіркелген, 2014 жылдың

31 қазанда аудандық "Шамшырақ" қоғамдық-саяси газетінде ресми жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысының
міндетін уақытша атқарушы

А.Айдарбеков

К.Ахметов

Түлкібас аудандық мәслихатының
2017 жылғы 14 сәуірдегі
№ 13/4-06 шешіміне 1 қосымша

Түлкібас ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - Түркістан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 26.11.2019 № 46/2-06 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Орташа жылдық жинақталу нормалары, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,86 1,94
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,28
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,62
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,35
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,21
6	Емханалар	1 келіп кету	0,018
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,73
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,029
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,99
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,06
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы аудан 1м ²	0,003
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Ж о б а бойынша 1 орын	0,09
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1м ²	-

14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1м ²	0,98
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1м ²	-
16	Алынып тасталды - Түркістан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 26.11.2019 № 46/2-06 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).		
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1м ²	0,21
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1м ²	-
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1м ²	--
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1м ²	0,02
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1м ²	-
22	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1м ²	-
23	Дәріханалар	Сауда алаңы 1м ²	0,33
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 көлік орын	1,90
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,7
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	-
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,56
28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1м ²	0,1

29	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1м²	0,23
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау) және сол сияқтылар	1 жұмыс орны	-
31	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1м²	0,06
32	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1 0 0 0 қатысушы	-
33	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

Түлкібас аудандық мәслихатының
2017 жылғы 14 сәуірдегі
№ 13/4-06 шешіміне 2 қосымша

Түлкібас ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері

№	Атаулары	Есептік бірлік	Баға, теңгемен
1	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету тарифтері		
1.1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 адам	100
1.2	Заңды тұлғалар	1 текше метр	700
2	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған тарифтер		
2.1	Жеке тұлғалар	1 текше метр	100
		тонна	-
2.2	Заңды тұлғалар	1 текше метр	250
		1 тонна	-
3	Тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге арналған тарифтер	-	-